

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ» КАҚ

Оқу-әдістемелік кеңестің
шешімімен қабылданған,
хаттама № 6
2017 жыл 20 ақпан

БЕКІТЕМІН

Бірінші проректор

Г.Алдамбергенова



2017ж.

«Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ
бітірушілерінің дипломдық жобаларына (жұмыстарына) нормабақылауды
ұйымдастыру және өткізу технологиясына арналған
НҰСҚАУЛЫҚ

Астана, 2017

1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КАҚ-ты (бұдан әрі-Академия) жоғары білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілердің дипломдық жобаларына (жұмыстарына) нормабақылауды ұйымдастыру мен өткізу технологиясы тәртібін анықтайды. Осы нұсқаулық Академияда оқу үрдісін қамтамасыз ететін барлық бөлімшелерге арналады.

2. Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» және «Дипломдық жоба туралы ережеге» (Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген, хаттама №2, 17.10.2016ж.) сәйкес әзірленді.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» сәйкес, білім алушыларды қорытынды аттестаттау – студенттердің білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген пәннің оқу бағдарламасын игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім. Жоғары оқу орындарында студенттерді қорытынды аттестаттау жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында белгілеген нысандарда өткізіледі, оның ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбемен және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған.

4. Студенттер оқу жоспары мен барлық оқу нысандарына арналған бірыңғай оқу бағдарламаларына сәйкес барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырады және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қорғайды.

5. Дипломдық жоба (жұмыс) - бітіруші біліктілік беруші - студенттің өзіндік шығармашылық жұмысының бірі, бакалавр дайындаудың бағдарламасы бойынша білім алушылар соңғы бітіруші курста орындайды.

6. Дипломдық жоба (жұмыс) бітірушілердің нақты теориялық білімі мен тәжірибелік дағдыларын жүйелеу, қорыту және тексеру мақсатында орындалады.

7. Нормабақылау – құжаттардың нормативтік құжаттарда белгіленген талаптар мен қағидаларға, нормаларға сәйкес орындалуын бақылау болып табылады.

2. Нормабақылауды ұйымдастыру және оның міндеттері

8. Дипломдық жоба (жұмыс) міндетті түрде нормабақылау тексеруінен өтеді.

9. Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) нормабақылау – мемлекеттік стандарттар мен Академияның нормативтік құжаттары талаптарының сақталуы мен аталған құжаттарға орындалған жұмыстың сәйкестену деңгейін тексеру.

10. Нормабақылаушыны кафедра меңгерушісі бітіртіп шығарушы кафедраның оқытушы-профессорлар құрамынан тағайындайды.

11. Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) нормабақылау кафедрала екі кезеңмен ұйымдастырылады. Нормабақылаудың 1-кезеңі дипломдық жобаны (жұмысты) алдын ала қорғау кезеңінде, 2-кезеңі қорғауға дейінгі 10 күн алдын өткізіледі.

12. Нормабақылаудың 2-кезеңінен кейін дипломдық жобаға (жұмысқа) кафедра меңгерушісі қол қояды.

13. Нормабақылауды өткізудің негізгі міндетіне студенттер тарапынан жобаларды (жұмыстарды) әзірлеуде «Дипломдық жоба туралы ережедегі» дипломдық жобаларды (жұмыстарды) рәсімдеу бойынша нормаларды, қағидалар мен талаптарды сақтау жатады.

3. Нормабақылауды өткізу тәртібі

14. Дипломшы нормабақылаушыға толық рәсімделген және қолдар қойылған дипломдық жобаны (жұмысты) және оның презентациясын ұсынады. Ұсынылған кешенде:

1. Тиісті барлық қолдар қойылған рәсімделген дипломдық жоба (жұмыс);
2. Дипломдық жобаның (жұмыстың) ғылыми жетекшісінің пікірі (қолы мен күні қойылған);
3. CD дискідегі дипломдық жұмыс пен оның презентациясы;
4. МАК мүшелеріне арналған үлестірмелі материалдар болады.

15. Нормабақылаушы:

- кафедрада бекітілген дипломдық жоба (жұмыс) тақырыбының дұрыстығы мен сәйкестігін;
- көрсетілген барлық тұлғалар қолдарының қойылуын;
- аннотацияны;
- басқы парағының (титул) рәсімделуін;
- мазмұнының рәсімделуі мен дипломдық жоба (жұмыс) рубрикациясының мазмұндағы тараулар мен тараушаларға сәйкес келуін;
- кіріспені (кіріспенің болуы мен рәсімделуінің дұрыстығын);
- дипломдық жоба (жұмыс) тапсырмаларына тараулар мен бөлімдер мазмұнының сәйкес келуін, сонымен қатар тараулар бойынша қорытындының болуын;
- қорытындыны (қорытындының болуы мен рәсімделуінің дұрыстығын);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімінің болуы мен дұрыс рәсімделуін;
- бет параметрлерінің сақталуын;
- қосымшаны (рәсімделуінің дұрыстығын);

- үлестірмелі материалдар мен презентация мазмұны рәсімделуінің дұрыстығын;
- дипломдық жоба (жұмыс) қосымшасының:
 - ғылыми жетекшінің пікірі;
 - дипломдық жоба (жұмыс) рецензиялары;
 - CD дискідегі презентацияның электронды нұсқасы болуын тексереді.

16. Нормабاقылаушы дипломдық жұмысты (жобаны) мына жағдайларда қайтара алады:

- белгіленген жиынтық толық болмаған жағдайда;
- міндетті қол қойылмаған жағдайда;
- мәтіндік және графикалық материалдар түсініксіз орындалған жағдайда.

17. Нормабакылаушы дипломдық жобаны (жұмысты) тексеріп болғаннан кейін:

- ұсынылған дипломдық жобада (жұмыста) қателер болған жағдайда студент-дипломшыға жұмыс түзету үшін қайтарылады. Ескертпелерді түзеткеннен кейін студент-дипломшы нормабакылаушыға дипломдық жобаны (жұмысты) қайта тексеруге ұсынады;
- ұсынылған жұмыс талаптарға сәйкес келгенде нормабакылаушы дипломдық жобаның (жұмыстың) титул парағына аты-жөні мен күнін көрсете отырып қолын қояды.

18. Нормабакылаушының қолынсыз жобалар мен жұмыстар қорғауға жіберілмейді.

4. Нормабакылаушының ескертулері мен ұсыныстарының рәсімделуі

19. Нормабакылаушының жобаларды (жұмыстарды) тексеру барысында көрсеткен ескертулері мен ұсыныстары 1-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

20. Нормабакылаушы парағы дипломдық жобаға (жұмысқа) міндетті қосымша болып табылады. Бұл нормабакылаушы парағы қоса беріледі, тігілмейді. Нормабакылаушы көрсеткен қателер міндетті түрде жойылуы тиіс.

НОРМАБАҚЫЛАУШЫ ПАРАҒЫ

тобы, студенттің аты-жөні толық

дипломдық жоба (жұмыс) бойынша нормабақылаушы көрсеткен ескертулер мен ұсыныстар

ТІЗІМІ

Парақ, (бет)	Нормативті құжат, стандарт немесе типтік құжаттамаларға сілтеме жасай отыра анықталған ескертулер мен ұсыныстардың мазмұны

Ескерту (Жойылды/ жойылмады)

Күні «___» _____ 20__ ж.

Нормабақылаушы _____
қолы (фамилиясы, аты-жөні)

Дайындаған:

Оқу үрдісін қадағалау және мониторинг жүргізу қызметінің басшысы

Абдрасилова Д.С.

Оқу үрдісін қадағалау және мониторинг жүргізу қызметінің маманы

Ауелбекова А.У.